

>> Құстың қос қанатындай

Аңыз адамдардың әңгімесі де аңызға бергісіз...



«Сендерді жұп-жұп етіп жараттық» демеуші ме еді Жаратушы Құран Кәрімнің Нәбі сүресінің 8-аятында? Иә, «жалғыздық Құдайға ғана жарасады» деген қазақпыз. Сондықтан да шығар, халқымыз әуел бастан-ақ бас құрап, бауырына қазан асқаннан асқан қуаныштың жоқтығын біліп, «бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық» деп есептеген. Бүгінде арамызда жұптарын жазбай, құстың қос қанатындай болып өнерде де, өмірде де бірге жүрген өнер жұлдыздары аз емес. Кей жұптардың өмірі мен тағдыры жұртқа үлгі, ұлтқа мақтан.



«Таусылсаң да, Тауысаң да тағатты, Түймеген жөн, шытпаған жөн қабақты.

Бірін-бірі сүйген адам ешқашан,

Бір-біріне болмау керек абақты!» деп Қадыр Мырза Әлі айтпақшы, бір-бірінің жалғыздығын ұмыттырып, қол ұстасып, қонысынан құт кетпей келе жатқан шаңырақтың бірі – аты алыс-жақынға танымал Әбиірбек Тінәлінің отбасы. Иә, біз Әбиірбек Берденұлын әнші, сазгер, өнер майталманы ретінде жақсы танымыз. Алайда өнерден тыс өмірі туралы көп біле бермейміз. Сондықтан осы жолы әке Әбиірбекті, ата Әбиірбекті танып, көруге тырысып бақтық.

Әбиірбек Берденұлы қазіргі таңда Құдай қосқан қосағы Майра Аманжолқызымен бірге Асқар Тоқпанов атындағы облыстық қазақ драма театрында қызмет істейді. Өмірде де, өнерде де тағдыры тоғысқан жұлдызды жұптың бүгінде бірге тәрбиеленіп отырған жауқазындай үш қызы бар. Әңгімені отбасында бақытты әке, бақытты ана болып отырған өнер майталмандарының алғашқы таныстықтарынан бастадық.

– Апаларыңмен 1996 жылы таныстым. Әрине, бойымызда қазақтың қаны тулап тұрған жігіт пен қыз болғандықтан бірден әдептен асып әңгіме айта алмадым. Әрі қарлығаштай ана қараторы қыздың көңілдегі орнымды лап етпе сезімдерді білдірумен аласартқам да келмеген болуы керек. Өйткені сол бір кездері өндерімді радиодан тыңдаған Майра жаттап алып, өзі де айтып жүреді екен. Майраны алғаш көргенімде де өндерімді орындап тұрған жерінен кездестірдім. Сондықтан да құрметім ө деннен-ақ бөлек болды. Сондай-ақ Майраның талғампаздығы мен өнерге деген тазалығына тәнті болдым.

Бір-біріміздің өнерімізге деген махаббат кейіннен жүрегімізге дендеді, – дейді алғашқы таныстықтарын еске түсірген Әбиірбек Берденұлы.

Расында, Майра апамыз Әбиірбектің өндерінің бәрін жатқа айтатын болыпты. Өйткені Әниесінің өндері кішкентай күнінен өзінің жанына жамау салып келе жатқанын айтты.

– Көп қазақтың бірі болып, тыңдарман ретінде бала кезімде алғаш рет өндерін радиодан тыңдап, жанымда сондай жақын тарттым. Нақтырақ айтсам, 11-12 жастағы бүлдіршінмін. Өнерге деген ынтам сол бала күнімен-ақ белгі бере бастаса керек. Домбырада жаттаған өндерімді үйдегілерге айтып беретінмін. Сөйтіп, кейін біз де есейдік. Алғаш рет өзім өндерін айтып жүрген авторымды Алматыда кездестірдім. Онда да жайдан-жай емес. Өндерін орындап жатқан кезімде есіктен кіріп келе жатқан

Әбиірбек ағаны көргенде тығыларға жер таппай, екі бетім қызарып тұрып қалғаным өлі есімде. Өйткені автордың өзінің қарсы алдында тұрып өн орындау кімге болсын оңай емес қой.

Бір қызығы, Әбиірбек ағамен таныстығымыз дәл осылай болады деп ойлаған жоқпын. Өйткені сол бір жылдары аталарыңның атағы елге танымал болып тұрған. Біз үшін қарапайым жерлерде жүрмейтін кісі сияқты көрінетін. Сөйтсек, ағамыз нағыз қарапайымның қарапайымы екен. Алғашқы таныстығымыз басталғаннан кейін бірден сөйлесіп кете алмадық. Сөйләсіп жүрдік.

Алайда сол кезде өзімің болашақ жарымның нақты Әбиірбек аға екенін білмесем де өнер адамы болатынын алдын ала болжайтынмын. Өйткені ағамен таныспай тұрып бір күні бір түс көріппін. Айдалада киіз үйдің ішінде жатыр екенмін. Аппақ әлем. Сондай нұрлы, сондай жарық сәуленің арасынан бір уақытта аққулардың тізбегін көрдім. Кенет аққулардың арасынан аузына қос домбыра тістеген бір аққу шығып, әлгі домбыраны менің қолыма ұстатады. Мен аң-таңмын. Кейін ояна салысымен түсімді әжеме айтты едім, «Е, қарағым, болашақ жарың да өнер адамы болады екен» деп түсімді жорып, қос қолың жайып батасын берді. Маған сол сөз әсер етті ме, әлде өзімде сондай бір сезім түсіңді пайда болды ма, білмеймін? Сол түсімді есте сақтап қалдым. Кейін ағаға тұрмысқа шыққаннан кейін сол түсімді, әжемнің жорығынан айтты бердім, – дейді Майра Аманжолқызы.

Әрине, Әбиірбек атамыз Майра апамызбен таныса сала сөз салып, бірден той жасауға шешім қабылдап, ұсыныс жасамаған. Екеуінің таныстығынан кейін арада 7 жыл өткеннен кейін барып бас құрапты. Осы аралықта екеуі де бір-бірін жақыннан тануға мүмкіндік алған. Әрі сол кезден бастап шаңырақ көтеріп жатса, өз-өздерін қалай ұстайтындырғын алдын ала қалыптастырған. Бір сөзбен айтқанда, бір-бірінің тағдыры мен болашағына аса қатты жауапкершілікпен қараған.

– Әлбетте, қыз тұрмысқа шығу үшін де, жігіт адам бас құрау үшін де екі адамның арасындағы сезім мәселесі маңызды екені мәлім. Біз де жас болдық. Біз де кәдімгі адамдардай басымыздан өмірдің ыстық-суығын өткіздік. Аға маған бірден сезімін білдірген жоқ. Тіпті менде де арамыздағы байланыс мұншалықты дәрежеге жетеді деген ой болған жоқ. Өйткені ол кезде қазіргідей әлеуметтік желінің дамып кеткен кезі де емес еді. Телефоннымыз бар. Бірақ сол арқылы бір-бірімізге жазысып, жиі-жиі қоңырау шалмайды екенбіз. Бірақ бір қызығы, ағаның бір қойындөптері болатын. Ол кісі кездескенде маған көп

әңгіме де айта алмайтын ашылып, мен де солай бетіме қарап тұратынмын. Сөз айтудан ұялатынбыз. Сөйтіп, біраз сөйлесе алмай жүрдік. Бір күні аға айтатын сөздерін жаңағы қолыңдағы қойындөптерге жазып келіпті. Оны алып оқыған соң жауабымды соған жазып, ағаға бердім. Солай сөйлесіп жүріп, соңы осындай шаңырақ көтеруге дейін алып келді, – деді М.Аманжолқызы. Иә, бір кейде «бұл әлемді сұлулық құтқарады» деген сөзді жиі еске алып жатамыз. Шын мәнінде, бұл әлемді махаббат пен мейрім, біреудің өміріне деген құрмет құтқарады. Әбиірбек Тінәлінің шаңырағында осы дүниенің бәрі бар деуге болады. Өйткені атамызды қатты құрметтейтін Майра апамыз ол кісінің атының өзін тіке атамай «Әнием» деп атайды екен. Ал Әбиірбек атамыз да апамызды «Алтыным» деп еркелетеді. Міне, «махаббат – таусылмайтын әңгіме» деген тұжырым да осындайdan келіп шықса керек. Әрине, ол кісілердің әңгімесі өнер, балаларының болашағы, елдің тағдыры, ұлттың келешегі жайлы өрбиді.

Шынында да бір қараған адамға ол кісінің өндері мұңлы болып естілуі мүмкін. Бірақ тыңдай келе, жалғыздықтан жабыққан адамға, әділетсіздіктен шаршаған адамға демеу беретін үлкен күшке ме екенін түсінеміз. Ол мұңайған адамды одан ары сындырмайды, қайта шыңдайды. Оның құдіреті де сонда болса керек. Мейлі қалай болмасын, Әбиірбек – Алашының жүрегінен өнмен әлдилеген бозторғайы. Оның өнері де, өмірі де көпке үлгі. Тұтас болмысымен қазақ деп жүрегі соғып, қазақ деп тыныс алып тұрған осынау беказда өнер иесінің шаңырағына шаттық пен қуаныштан басқа өштеңе де тілемейміз.

>> Жағымды жаңалық

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті Д.И.Менделеев атындағы Ресей химия-технологиялық университетімен және «Қазфосфат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен бірлесіп 2023 жылы 19 қаңтарда білім және ғылым саласындағы қос дипломды білім беру бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ынтымақтастық туралы ұшжақты келісімге қол қойған болатын.



ҚОС ТАРАПҚА ПАЙДАЛЫ ӘРІПТЕСТІК

Келісім аясында ТМД-да алғаш рет («2+1+1» форматында) бірлескен білім беру бағдарламасы бойынша желілік кампус жобасы іске қосылды. Онда екі жыл М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде, үшінші курс РХТУ-да (Мәскеу қаласы) және төртінші курс «Қазфосфат» ЖШС-да оқиды. Өткен жылдың 1 қыркүйегінен бастап Дулати университетінің 7 студенті осы бағдарлама бойынша РХТУ-да білім алуда.

Сондай-ақ былтыр мамырда Алматы қаласында өткен ҚР Білім және ғылым жөніндегі үкіметаралық комиссияның отырысында 2024 жылы қыркүйектен бастап Тараз қаласында РХТУ филиалын ашу туралы шешім қабылданды. Аталмыш бастама аясында РХТУ филиалын ашу бойынша бірлескен жол картасы әзірленді.

Жол картасы бойынша өткен аптада М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде Д.И.Менделеев атындағы Ресей химия-технологиялық университетінің (РХТУ) өкілдігі ашылды.

Ашылу салтанатына қала әкімі Бақытжан Орынбеков, РХТУ ректорының міндетін атқарушы Илья Воротынецов, «Қазфосфат» ЖШС-ның бас директоры Евгений Пак, РФ Президенті жанындағы ғылым және білім саласындағы жастар ісі жөніндегі үйлестіру кеңесінің мүшесі Александра Глазкова, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті ректорының міндетін атқарушы, Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректоры Шолпан Есімова және университеттің профессор-оқытушылар құрамы қатысты.

Университет базасында ашылған өкілдік туралы ақпарат беру мақсатында БАҚ

өкілдерінің қатысуымен баспасөз брифингі ұйымдастырылды. Д.И.Менделеев атындағы РХТУ ректорының міндетін атқарушы Илья Воротынецов желілік білім беру бағдарламасының іске асырылуы және Ресей химия-технологиялық университеті өкілдігінің жұмыс жоспары туралы баяндап берді. М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті ректорының міндетін атқарушы Шолпан Есімова «Менделеев сыныптары» жобасының барысы туралы хабарлар етті.

Өз сөзінде білім берудегі халықаралық ынтымақтастықты дамытудың, химия саласында жоғары білікті кадрлар даярлау мақсатында Қазақстанда РХТУ филиалын ашатын жөніндегі бастаманың маңыздылығын атап өтті.

Қала әкімі Бақытжан Орынбеков университет базасында Ресей химия-технологиялық университеті өкілдігінің ашылуы химия саласын өркендетуге бастайтын басты қадамның бірі екеніне тоқталды.

2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Тараз қаласында Д.И.Менделеев атындағы РХТУ филиалы өз жұмысын бастайды. Алда химия саласында ғылыми-технологиялық және өндірістік міндеттерді шешуге қабілетті халықаралық білім беру стандарттары деңгейінде мамандар мен ғылыми кадрларды даярлау міндеті тұр. Химия және химиялық технология саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу жоспарда бар.

А.БЕКЕНҚЫЗЫ

>> Дуальді оқыту

Күн санап білім саласында заман талабына сай жаңалықтар, өзгерістер болып жатыр. Солардың бірі – тәжірибеге бағыттап білім беру, немесе дуальді оқыту. Әрине, тәжірибеге бағыттап білім беру бүгін пайда болған жаңалық емес, бірақ заман ағымына сай талаптар күшейіп келеді.

ТӘЖІРИБЕГЕ БАҒЫТТАП БІЛІМ БЕРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ



Жоғары білім беру ұйымдарында дуальді оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 27 шілдедегі №361 бұйрығының негізінде дуальді оқыту жүйесі шеңберінде пәннің оқыту материалдың 40 пайыздан кем емес бөлігі өндірісте оқытылуы тиіс.

Біздің оқу орнында 2023-2024 оқу жылында дуальді оқытудың элементтері 2, 3, 4-курсарда енгізіліп, студенттер кафедра филиалдарында практикалық сабақтар өтуде.

Қазіргі таңда 29 білім беру бағдарламасының негізінде қала және облыс бойынша 45 мекемені келісімшарт жасалып, оқу үрдісі басталып кетті. Олардың арасында балабақшалар, мектептер, колледждер, кәсіпорындар бар. Кәсіпорындар мен институт арасындағы келісім бойынша аптасына 1 рет студенттер мекеме негізінде ұйымдастырылған кафедра филиалында сабақ өтеді. Былғы оқу жылында кәсіпорындар тарапынан институтқа 25 тәжірибелі оқытушы қосалқы жұмысқа алынған.

Жыл сайын дуальді оқыту мәселесі бойынша институтқа кафедра, факультет деңгейлерінде мекемелермен бірлесіп іс-шаралар ұйымдастырылады. Соның нәтижесінде осы оқыту жүйесін дамытудың перспективалары талқыланады, оқытушылар тәжірибелерімен алмасады.

Әрине, студентке білім беріп, оны кәсіпорына барғанда жұмысқа бірден

араласа кететіндей дәрежеге жеткізу оңай емес. Осы тұрғыда бірқатар кәсіпорын үлкен үлес қосуда. Атап айтсақ, олар – №9, 28 балабақша, №3, 5, 12, 23, 31, 35, 39, 41, 47, 54 орта мектеп. Сонымен қатар «Қазфосфат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Жаңа Жамбыл фосфор зауыты, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаменті, Кардиология және трансплантология ғылыми-клиникалық орталығы, «Банк Центр кредит» акционерлік қоғамының филиалы, облыс бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті, «Жамбыл стандарт» сертификаттау орталығы, Тараз қаласы полиция басқармасының жедел-криминалистикалық бөлімі көп көмегін тигізуде.

Мәсәле ретінде ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаменті және «Банк Центр кредит» АҚ мекемелерін айтқымыз келеді. Аталған мекемелердің мамандары дәрістерін жоғары деңгейде өткізіп, мүмкіндігінше студенттерді болашақтағы мамандықтарының ерекшелікке толы қырсырымен жақсы таныстыруда. Тұрақты түрде осы мекемелерде кездесулер, «Ашық есік» күндерін ұйымдастыру жақсы үрдіске айналды.

Жарас ҚУАТБЕКОВ, Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының экономика және бизнес факультетінің деканы

«AULIATA-MEDIA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Бас директор – Данияр АСҚАРҰЛЫ
Бас редактордың орынбасары – Алламыс ҚАЗЫБАЕВ

Бас редактор – Түрсынбек СУЛТАНБЕКОВ
Бас редактордың орынбасары – Жасұлан СЕЙІЛХАНОВ
Жауапты хатшы – Шолпан БӨГЕНБАЕВА

«Экономика және саясат» бөлімінің меңгерушісі – Нұрым СЫРҒАБАЕВ
Тілшілер – Эльмира БАЙНАЗАРОВА, Ақтұра ЖАҒАБАЙ
«Мәдениет және өнер» бөлімінің меңгерушісі – Талғат НҮРХАНОВ
Тілшілер – Айжан ӨЗБЕКОВА, Шапағат ӘБДІР Аяулым ЖАМАНҚАРА

БӨЛІМДЕР:
Компьютер орталығының меңгерушісі – Ғани СҮГІРӘЛИЕВ
Дизайнер-беттеуші – Гүлзиара БЕКТҮРСЫНОВА
Корректор – Ғалия САДЫҚОВА
Фототілші – Алтынбек ҚАРТАБАЙ
«Arainfo.kz» сайтының контент-редакторы – Фариза КЕНЖЕБАЕВА

Мақала авторы пікірін редакция көзқарасын білдіруі міндетті емес
Жарнама мен хабарландырулардың мөтіні мен тізіме жарнама беруші жауапты
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сізге емесші көшіріп басуға болмайды
Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды және авторлар қолжазбасы өңделмейді
Көлемі бес компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданымайды
Кейбір суреттер интернет сайттарынан алынды
Газет аттасына екі рет D2 форматында шығарылады
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріледі, беттеді
Газет қалабы «Сенім» Жамбыл баспа орталығы ЖШС-нда басылады.
(Тараз қаласы, Төле би көшесі, 22)
Газет индексі – 66250, 16250
Тысырыс – №6
А – материалды жариялау ақысы төленген

Редакция телефоны: 8 (7262) 45-10-43
Тілшілер: 43-18-01
+7 7479212613

Мекенжайымыз: 080000, Тараз қаласы, Ы.Сүлейменов көшесі, 5, Шерхан Мұртаза атындағы Баспасөз үйі (3-қабағ)